


**ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ
ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС БАСҚАРМАСЫ**



**2025 жылдың 21-27 ақпан аралығында студенттер арасында жүргізілген
«Қысқы емтихан» сауалнаманың қорытынды
АҚПАРАТЫ**

Тараз – 2025 ж.

1. ӘЗІРЛЕГЕН:

Басқарма мүшесі - Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор – А.Е. Тұрлыбек, Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы – Б.Қ. Алпысбаев және Жастармен жұмыс бөлімінің маманы – А.Батыркулова.

2. ЕНГІЗІЛДІ:

Әлеуметтік жұмыс басқармасы.

АНДАТПА

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 9-баптың 3-тармағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру – тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі аясында студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Таза сессия» сауалнамасы ұйымдастырылады.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты университет қызметкерлерінің белгіленген ережелерді қатаң сақтауға, сыбайлас жемқорлықтың алдын-алуға бағытталған әрекеттері мен шешімдерін анықтайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты:

- Университет, оның қызметкерлері мен басшылығы қызметіндегі ашықтық пен айқындылықты қамтамасыз ету, құқықтық сауаттылықты арттыру және сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік арқылы сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын-алу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

- университет әкімшілігінің, профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін орындау барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлық пен жауапкершілікті қалыптастыру;

- сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын-алу;

- университет қызметіндегі ашықтық пен айқындылық қағидаттарын сақтау; - Университет қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру;


- университет қызметінің тиімділігін арттыру.

2025 жылдың 21-27 ақпан аралығында студенттер арасында жүргізілген «Қысқы емтихан» сауалнаманың қорытынды АҚПАРАТЫ


2025 жылы 21-27 ақпан аралығында студенттер арасында жүргізілген «Қысқы емтихан» қорытындысы бойынша онлайн сауалнамада қазақ және орыс тілінде 10 сұрақ қамтылды. Сауалнамаға жалпы қатысқан – **2 142** респондент.

Факультет бойынша көрсеткіш:

1. «Технологиялық» факультеті – **681 (31,8%)**;
2. «Филология және гуманитарлық ғылымдар» факультеті – 231 (10,8%);
3. «Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультеті – 409 (19,1%);
4. «Жаратылыстану ғылымдары» факультеті – 405 (18,9%);
5. «Экономика және құқық» факультеті – 288 (13,4%);
6. «Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық» факультеті – 128 (6%);



Курс бойынша көрсеткіш: 1 курс – **812 (37,9%)**, 2 курс – 568 (26,5%), 3 курс – 503 (23,5%), 4 курс – 258 (12%).



Сауалнаманың сұрақтары бойынша:

1. Сіз академиялық адалдық қағидаттарын білесіз бе?

иә – **1 896 (88,5%)**

жоқ – 94 (4,4%)

білмеймін – 98 (4,6%)


бірінші рет естуім – 49 (2,3%)

Аталған сұраққа басым көпшілігі «иә» деп жауап жазған. Демек кураторлар топ студенттерімен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді. Ал, 98 студент «білмеймін» деп жауап берген. Демек, кураторлар тарапынан академиялық адалдықтың маңыздылығы туралы тренинг, кездесу, семинар іс шараларын өткізудің қажеттідігі туындауда.

1. Сіз академиялық адалдық қағидаттарын білесіз бе? / Знаете ли вы принципы академической честности?

2 142 ответа

[Копировать
диаграмму](#)



2. Куратор тарапынан емтихан алдында академиялық адалдықты сақтау туралы тәрбие сағаты өткізіледі ме?

жиі өтіледі - **1 835 (85,7%)**

куратор студенттік топпен жұмыс жасамайды – 122 (5,7%)


мүлдем өтілмейді – 103 (4,8%)

Жоспарға сәйкес академиялық адалдықты сақтау туралы тәрбие сағатын 1 835 студент «жиі өтіледі» деп жауап жазған. Ал, 122 студент «куратор студенттік топпен жұмыс жасамайды» деп жауап берді. Демек, куратор мен студент арасындағы байланыстың тұрақты сақталмауы көрініс тапты, сондықтан куратор топ студенттерімен аталған тақырыпта әр түрлі форматта жұмыс жасауы қажет.

2. Куратор тарапынан емтихан алдында академиялық адалдықты сақтау туралы тәрбие сағаты өткізіледі ме? / Перед экзаменом куратором проводится воспитательный час о соблюдении академической честности?

2 142 ответа

[Копировать
диаграмму](#)



3. Егер де Сіз университетте пара беру әрекетін байқасаңыз кімге жүгінесіз? /

факультет деканы – **1 030(48,1%)**

комплаенс-қызметі – 35 (1,6%)

ректордың блогы – 35 (1,6%)

сенім жәшігі – 152 (7,1%)

құқық қорғау мекемесі – 213 (9,9%)

ешкімге айтпаймын – 91 (4,2%)


маған бәрібір – 527 (24,6%)

Жалпы 1 030 студент «факультет деканы» деп белгілеген. Сонымен қатар 527 студент «маған бәрібір» деп жауап берген, демек студенттер пара беру әрекеттерін байқаса да, оның жүзеге асырылуына көз жұмып отыр. Осындай мәселе туындаған жағдайда, студенттерге оның алдын алу жолдары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

3. Егер де Сіз университетте пара беру әрекетін байқасаңыз кімге жүгінесіз? / К кому обратиться, если вы заметили попытку дачи взятки в университете?

2 142 ответа

[Копировать
диаграмму](#)



- факультет деканы / декан факультета
- комплаенс-қызметі / комплаенс-слу...
- ректордың блогы / блок ректора
- сенім жәшігі / ящик доверия
- құқық қорғау мекемесі / правоохран...
- ешкімге айтпаймын / никому не скажу
- маған бәрібір / мне все равно
- .

▲ 1/7 ▼

4. Студенттік топта пара беру арқылы емтиханға кірмей, жақсы баға алған студенттер кездесті ме?

жоқ – **1 067 (49,8%)**

иә – 233 (10,9%)


кездестірмедім – 823 (38,4%)

Аталған сұраққа 1 067 студент «жоқ» деп, ал 823 студент «кездестірмедім» деп жауап берген. Демек, университетімізде пара берудің белгілері жоқтың қасы және студенттер емтиханды өз күштерімен тапсыратындығының дәлелі.

4. Студенттік топта пара беру арқылы емтиханға кірмей, жақсы баға алған студенттер кездесті ме? / Встречались ли в группе студенты, получившие хорошую оценку путем дачи взятки, не заходя на экзамен?

2 142 ответа

[Копировать
диаграмму](#)



- иә / да
- жоқ / нет
- кездестірмедім / не встречал
- Білмеймін
- .
- Адамдар бар сабаққа келмей жүрге...
- білмеймін
- Нақты білмеймін

▲ 1/3 ▼

5. Емтихан кезінде сізден пара сұраған оқытушылар болды ма?

жоқ, мүлдем болмады – 1 732 (80,9%)

ия, болды – 99 (4,6%)

айтуға қорқамын – 22 (1%)


парақорлыққа жол бермеймін – 272 (12,7%)

Оқытушының білім берудегі мақсаты мен міндеттері маңызды көрсеткіш болып есептеледі. 1732 студент «жоқ, мүлдем болмады», ал 272 студент «парақорлыққа жол бермеймін» деп белгілеген. Демек, бұл оқытушылардың академиялық адалдық қағидаларын ұстанатындығын білдіреді.

5. Емтихан кезінде сізден пара сұраған оқытушылар болды ма? / Были ли преподаватели, которые просили у вас взятки во время экзамена?

[Копировать диаграмму](#)

2 142 ответа



6. Емтиханды жақсы бағаға тапсыру үшін пара беріп көрдіңіз бе?

жоқ мүлдем бермедім – 1 468 (68,7%)

иә бердім – 54 (2,5%)

беруге болмайды заң бұзушылыққа жатады – 310 (14,5%)


парақорлыққа жол бермеймін – 292 (13,7%)

«жоқ мүлдем бермедім» деп 1 468 студент жауап берді. Демек, студенттер саналы түрде пара беру әрекетінің жүзеге асуына жол бермейді.

6. Емтиханды жақсы бағаға тапсыру үшін пара беріп көрдіңіз бе? / Вы когда-нибудь подкупали экзамен за хорошую оценку?

[Копировать диаграмму](#)

2 142 ответа



7. Университетте белгілі себептерге байланысты пара беруге мәжбүр болдыңыз ба?

сессияны жабу үшін – **129 (6%)**
аралық бақылаудан өту үшін – 53 (2,5%)
курстық жұмысты тапсыру үшін – 44 (2,1%)
жатақханадан орын алу үшін – 36 (1,7%)
әскери кафедраға түсу үшін – 15 (0,7%)
ақылы оқу түрінен грантқа ауысу үшін – 12 (0,6%)
диплом қорғауда және құлатпау үшін – 11 (0,5%)
мені оқудан шығарып жібермес үшін – 26 (1,2%)

Университетте сессияны жабу үшін пара беруге мәжбүр болған 129 студент және аралық бақылаудан өту үшін 53 студент анықталды. Сонымен қатар, Осы анықталған мәселе университеттің имиджіне нұқсан келетін әрекетті ескере отырып, факультет декандарын және академиялық жұмыс жөніндегі департаментіне академиялық адалдық сақтауына байланысты алдын алу жұмыстарын жасау қажет.



8. Сіздің пікіріңізше, студенттердің пара беруіне қандай факторлар ықпал етеді?


мен пара бермеймін – **1 248 (58,3%)**
оқытушының бопсалауы – 111 (5,2%)
сабаққа қатыспау үшін оқытушымен келісуі – 316 (14,8%)
емтиханға дайындалуға уақыт болмауы – 114 (5,3%)
стипендияны алу үшін – 101 (4,7%)
пәнді игерудің қиындығы – 124 (5,8%)

Бұл сұраққа байланысты «мен пара бермеймін» деп 1248 студент жауап берген. Демек, кураторлар тарапынан студенттерге академиялық адалдықты сақтау туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілгендігі, сыбайлас жемқорлық әрекетіне бармайтындығын көрсетіп отыр. Алайда, 315 студент «сабаққа қатыспау үшін оқытушымен келісуі» деп белгілеген. Аталған жауапқа назар аударсақ, оқытушымен келісіп сабаққа бармай жұмыс жасайтын студенттер жоқ емес. Осы мәселеге байланысты факультет декандары өздерінің бақылауына алып, әр студенттің сабаққа қатысу туралы қадағалау жұмыстарын жасау қажет.

8. Сіздің пікіріңізше, студенттердің пара беруіне қандай факторлар ықпал етеді? / По вашему мнению, какие факторы способствуют студенческому взяточничеству?

[Копировать диаграмму](#)

2 142 ответа



9. Университетте сессияны жабу қызметінің бағасы қанша және қандай сомаға келісуге/сатып алуға болады?

білмеймін – 1 175 (55%)

мен пара бермеймін – 925 (43,3%)


өз пікірі (1000-5000; от 10; Сессия сатылмайды, өз білім деңгейімен алып шығады; Нету такого; 10000-20000; Мин 5 к; Мен сессияны прям кәдімгідей жсауып көрмеппін)

Бұл сұрақ бойынша 1175 студент өз жауаптарын «білмеймін» деп белгілеген. Демек, университетте студенттердің көпшілігі емтиханды өз білімімен тапсыратыны анық. Алайда емтихан тапсыру барысында пара беретін кейбір студенттердің бар екендігі анықталды.

9. Университетте сессияны жабу қызметінің бағасы қанша және қандай сомаға келісуге/сатып алуға болады? / Сколько стоит услуга закрытия сессии в университете и на какую сумму можно договориться/купить?

[Копировать диаграмму](#)

2 142 ответа



10. Университетте пара қандай жолдар арқылы алынады?

білмеймін – 1 810 (84,6%)

жекелей түрде – 147 (6,9%)

топ старосты арқылы – 60 (2,9%)

кафедра лаборанты арқылы – 16 (0,7%)

оқытушының таныстары арқылы – 27 (1,3%)

деканат арқылы – 10 (0,5%)

жоғары курс студенттер арқылы – 4 (0,2%)

өз пікірі - (Жоқ, мүлде болмаған; Не каким; По разному; Барлығы кездесуі мүмкін; жекелек түрде сұрайды, қолға алуларыңызжы сұраймын, қиындатып жібереді сабақты үлгермейтіндей)



ҰСЫНЫСТАР:

1. Факультет декандары студенттерге академиялық адалдық қағидаттарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бағытында түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
2. Факультеттердің белсенді студенттерден құрылған бақылаушы топ құрып, емтихан кезінде қадағалау жұмыстарын жүргізу.
3. Әлеуметтік жұмыс басқармасы тарапынан жүргізілетін «Таза сессия» онлайн сауалнамаға студенттердің қатысуына қатал түрде ықпал ету.
4. Әлеуметтік жұмыс басқармасы тарапынан жүргізілетін барлық сауалнамаларға факультеттердің топ кураторлары студенттерге жеткізу және сауалнамаға қатысу жұмыстарына қадағалау жүргізілсін.